

Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен шығару түрлерін тандау бойынша критерийлерді анықтау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 47/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 желтоқсанда № 3572 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 21 ақпандағы № 16/01 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 21.02.2025 № 16/01 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған аудандық коммуналдық мүлікті (бұдан әрі - Объект) иеліктен шығару түрлерін тандау бойынша критерийлер анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асхат Сағадиұлы Әлиге жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Кобжанов

Бұқар жырау ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 47/02
қаулысына қосымша

Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін тандау бойынша критерийлер

№	Критерийлер атауы	Иеліктен айыру түрі
1.	Объектіні одан әрі бақылауда мемлекеттің мүдделігінің болмауы (шарттар қойылмайды). Объектіні барынша жоғары ықтимал бағамен сату және	сауда - саттықты аукцион нысанында өткізу

	сауда-саттыққа қатысушылардың кең ауқымын тарту қажеттілігі.	
2.	Объектіні сату шарттарын (қызмет бейінін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, жалақы бойынша берешекті өтеу және басқа да шарттар) белгілеу қажеттілігі. Объектіні барынша жоғары ықтимал бағамен сату қажеттілігі.	сауда - саттықты коммерциялық тендер нысанында өткізу
3.	Сенім білдірілген басқарушының, жалдаушының (жалға алушының) кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты талаптарын орындау.	тікелей атаулы сатылым
4.	Объектінің қор биржасының талаптарына сәйкестігі. Шетелдік инвесторларды қоса алғанда, сауда -саттыққа қатысушылардың кең ауқымын тарту қажеттілігі.	сауда - саттықты қор биржасында өткізу
5.	Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату қажеттілігі.	туынды бағалы қағаздарды сату
6.	Жекешелендіру объектілерін сату алдындағы дайындық пен оларды сату жөнінде консультациялық қызметтерді тарту қажеттілігі. Конкурсты жекешелендіру бағасының басымдығын және (немесе) өзге де шарттарын айқындайтын қаржы кеңесшісінің қатысуымен өткізу қажеттілігі.	екі кезенді рәсімдер арқылы конкурс